

**"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1-кезең)" жобасын қаржыландыру үшін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің заемен тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 қазан N 1342

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1-кезең)" жобасы бойынша 64 500 000 (алпыс төрт миллион бес жүз мың) АҚШ доллары сомасына Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің арасындағы Заем туралы келісімнің жобасы (бұдан әрі - Заем туралы келісім) **ма қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің арасындағы Заем туралы келісімге қол қоюға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ораз Әлиұлы Жандосовқа уәкілеттік беру туралы **ұ с ы н ы с е н г і з і л с і н .**

3. Жобаны республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру 21290000 (жиырма бір миллион екі жүз тоқсан мың) АҚШ долларынан аспайды, оның ішінде қосылған құн салығын төлеу - 10 780 000 (он миллион жеті жүз сексен мың) АҚШ доллары деп **б е л г і л е н с і н .**

4. "Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 631-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасының 2-қосымшасында:

"Су шаруашылығы" салалық секторының реттік нөмірі 39-жолында:

" Б а р л ы ғы " ж о л ы н д а :

6-бағандағы "55,50" саны "85,79" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "49,68" деген сан "79,97" деген санмен ауыстырылсын;

" Х Қ Д Б - н і ң з а е м ы " ж о л ы н д а :

6-бағандағы "50,00" деген сан "64,50" деген санмен ауыстырылсын;

11-бағандағы "45,20" деген сан "59,70" деген санмен ауыстырылсын;  
"республикалық бюджет" жолында:  
6-бағандағы "5,50" деген сан "21,29" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "4,48" деген сан "20,27" деген санмен ауыстырылсын;  
қ о р ы т ы н д ы б ө л і м і н д е :  
" Б а р л ы ғ ы " ж о л ы н д а :  
6-бағандағы "2520,05" деген сан "2550,34" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "900,94" деген сан "931,23" деген санмен ауыстырылсын;  
"Барлығы сыртқы көздерден" жолында:  
6-бағандағы "2067,96" деген сан "2082,46" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "776,08" деген сан "790,58" деген санмен ауыстырылсын;  
" з а е м д а р " ж о л ы н д а :  
6-бағандағы "1881,39" деген сан "1895,89" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "750,81" деген сан "765,31" деген санмен ауыстырылсын;  
"Барлығы ішкі көздерден" деген жолда:  
6-бағандағы "452,09" деген сан "467,88" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "124,86" деген сан "140,65" деген санмен ауыстырылсын;  
"республикалық бюджет" жолында:  
6-бағандағы "446,23" деген сан "462,02" деген санмен ауыстырылсын;  
11-бағандағы "124,86" деген сан "140,65" деген санмен ауыстырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Заем нөмірі 4609 KZ

**Қазақстан Республикасы**

**мен**

**Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі**

**арасындағы заем туралы**

**Келісім**

("Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1-фаза)" жобасы)

2001 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Заем нөмірі 4609 KZ

## **Заем туралы Келісім**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (Заемшы) мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ (Банк) арасындағы 2001 жылғы \_\_\_\_\_ КЕЛІСІМ.

Заемшы сипатталуы осы Келісімнің (Жоба) 2-қосымшасында келтірілетін жобаның орындалуына және басымдылығына кәміл сене отырып, Банкке Жобаны қаржыландыруға көмек көрсетуге өтініш жасағанын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Банк басқалардың ішінде, жоғарыда айтылғандардың негізінде, осы Келісімде айтылған шарттар мен ережелер негізінде Заемшыға Заем беруге келісім бергендігін  
НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП ;

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП; Тараптар осы Келісімде мыналар туралы келісті:

### **I БАП**

#### **Жалпы шарттар. Анықтамалар 1.01-Бөлім**

Банктің 1999 жылғы 6 қазанды қоса алғанда енгізілген түзетулерімен 1995 жылғы 30 мамырдағы "Заем туралы келісімдерге және бірыңғай валютада Заемдар бойынша кепілдіктерге қолданылатын жалпы ережелері" (Жалпы шарттар) осы Келісімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

#### **1.02-Бөлім**

Егер контекстен өзгеше туындамаса, анықтамалары Жалпы шарттарда берілетін терминдердің бірқатары тиісінше оларда көрсетілген мән-мағынаға ие болады және мынадай қосымша терминдердің мынадай мағыналары болады:

(а) "АКТ" осы Келісімнің 5-қосымшасының 6-тармағына сәйкес Заемшы құратын Алабтар бойынша консультативтік топты білдіреді;

(b) "СРК" Жобаны жүзеге асыратын Заемшының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетті білдіреді;

(с) "Қолайлы санаттар" осы Келісімнің 1-қосымшасы А.1-бөлімінің кестесінде айтылатын (1) және (2) санаттарды білдіреді;

(d) "Қолайлы шығыстар" осы Келісімнің 2.02-бөлігінде айтылатын тауарлар мен жұмыстарға арналған шығыстарды білдіреді;

(е) "ҚОҚЖ" Заемшы дайындаған және 2001 жылғы 14 ақпанда қабылдаған Банк үшін қолайлы Қоршаған ортаны қорғау жоспарын білдіреді, онда қоршаған ортаны қорғаудың әлсіреуін, ағымдағы бақылауды және осы Келісімнің 5-қосымшасында ол туралы айтылатын Жобаға сәйкес институционалдық шараларды сипаттау беріледі;

(f) "ВҮК" осы Келісімге 5-қосымшаның 4-тармағына сәйкес Заемшы құратын

Ведомствоаралық үйлестіру комитетін білдіреді;

(g) "ШБСТТ" осы Келісімге 5-қосымшаның 7-тармағына сәйкес Заемшы құратын "Шардара" бөгеті бойынша сарапшылардың тәуелсіз тобын білдіреді;

(h) "ЭМРМ" Заемшының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді;

(i) "ЭСМ" Заемшының Экономика және сауда министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді;

(j) "ТРҚОҚМ" Заемшының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді;

(k) "ҚМ" Заемшының Қаржы министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді;

(l) "Жобаны басқару жөніндегі есеп" осы Келісімнің 4.02-Бөліміне сәйкес дайындалған әрбір есепті білдіреді;

(m) "Жобаға басшылық жасау жөніндегі топ" жобаны дайындауға, орындауға және үйлестіруге жалпы жауап беретін Су ресурстары жөніндегі комитеттің құрамындағы Жобаға басшылық жасау жөніндегі топ;

(n) "ЖБК" осы Келісімге 5-қосымшаның 5-тармағына сәйкес Заемшы құратын Жобаны басқару жөніндегі комитетті білдіреді;

(o) "Жобаны дайындауға арналған қарыз" 2000 жылғы 1 ақпанда Банктің атынан және 2000 жылғы 3 ақпанда Заемшының атынан қол қойылған келісім-хатқа сәйкес Заемшыға Банк ұсынған жобаны дайындауға арналған қарызды білдіреді; және

(p) "Арнайы шот" осы Келісімге 1-қосымшаның В-бөлігінде айтылатын шотты білдіреді;

### **1.03-Бөлім**

Жалпы жағдайларда Жобаны орындаушыға - ұйымға жасалған әрбір сілтеме - СРК-ге сілтеме болып саналады.

## **II БАП**

### **Заем 2.01-Бөлім**

Банк Заемшыға Заем туралы келісімде айтылатын шарттар мен ережелерде немесе олар туралы онда айтылатын алпыс төрт миллион бес жүз мың АҚШ долларына ( 64,500,000 АҚШ доллары) тең соманы беруге келісім береді.

### **2.02-Бөлім**

(a) осы Заем туралы Келісімге 1-қосымшаның ережелеріне сәйкес Заем шотынан Заем сомасы Жоба үшін қажет және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар

мен жұмыстардың тиісті құнына қатысты, Заем бойынша пайыздар мен басқа да төлемдерге қатысты және осы Келісімнің 2.04-бөлімінде айтылатын комиссияндық алымға қатысты шеккен шығыстарға (немесе егер Банк оған келіссе, алдағы болатын) а л ы н у ы м ү м к і н .

(b) Келісім күшіне енген күннен кейін дереу Банк Заемшының атынан шоттан алынатын және ол бойынша осындай күнге төлемге ұсынылмаған сомасы бар Жобаны дайындауға арналған қарыздың негізгі сомасын өтеу және олар бойынша жүзеге асырылмаған барлық төлемдерді жүзеге асыру үшін талап етілетін, соманы өзіне өзі төлейді. Жобаны дайындауға арналған қарыз сомасын пайдалануға рұқсат етілген, шоттан алынбаған қалдық осыдан кейін күшін жояды.

## **2.03-Бөлім**

Заем қаражатын пайдаланудың қорытынды күні 2007 жылғы 28 ақпан немесе Банк анықтайтын неғұрлым кеш күн болып табылады. Банк Заемшыны осындай неғұрлым кеш күн туралы дереу хабардар етеді.

## **2.04-Бөлім**

Заемшы Банкке Заем сомасының бір пайызын (1%) құрайтын сомада комиссияндық алым төлейді. Келісім күшіне енген күні немесе осындай күннен кейін дереу Банк Заемшының атынан жоғарыда аталған комиссияндық алымның сомасын Заем шотынан алады және өзіне өзі төлейді.

## **2.05-Бөлім**

Заемшы Банкке осы сәтте шоттан алынбаған, Заемның негізгі сомасы бойынша жылына бір пайыздың төрттен үш (1%-дың 3/4-і) ставкасы бойынша несие беру міндеттемесі үшін комиссияндық алым төлейді.

## **2.06-Бөлім**

(a) Заемшы шоттан алынатын және ол бойынша белгілі бір уақытта төлемге ұсынылмаған сомасы бар Заемның негізгі сомасы бойынша, ЛИБОР базалық ставкасына ЛИБОР-дың жиынтық спредін қосқандағыға тең пайыздар есептелетін әрбір кезең үшін ставка бойынша пайыздар төлейді.

(b) Осы Бөлімнің мақсаты үшін:

(i) "Ол үшін пайыз есептелетін кезең" осы Келісімнің күнінен бастап пайыздарды төлеудің осындай күнін қоспағанда, содан кейін басталатын пайыздарды төлеудің бірінші күніне дейінгіні қоспағанда, бастапқы кезеңді және бастапқы кезеңнен кейін - пайыздарды төлеу күнінен бастап пайыздардың осындай күнін қоспағанда, пайыздарды

төлеудің келесі күніне дейінгіні қоса алғандағы әрбір кезеңді білдіреді;

(ii) "Пайыздарды төлеу күні" осы Келісімнің 2.07-бөлімінде көрсететін кез келген күнді білдіреді;

(iii) Ол үшін пайыздар есептелетін әрбір кезеңге қатысты "ЛИБОР базалық ставкасы" негізді түрде Банк анықтайтын және жылына пайызбен көрсетілетін ол үшін пайыздар есептелетін осындай кезеңнің бірінші күні мерзімі алты айға АҚШ долларындағы Лондон банкаралық депозиттер рыногындағы (немесе - ол үшін пайыздар есептелетін осындай кезеңнің бірінші күні басталатын пайыздарды төлеу күні - күні бағалауға - пайыздар есептелетін немесе осындай күннен кейінгі келесі олар үшін пайыздар есептелетін осындай кезеңнің бастапқы кезеңі туралы сөз болған жағдайда) сатушының ставкасын білдіреді;

(iv) Ол үшін пайыздар есептелетін әрбір кезеңге қатысты "ЛИБОР жиынтық спред":

(А) бір пайыздың төрттен үшін (1%-дың  $3/4$ -і);

(В) алу (немесе қосу) ол үшін пайыздар төмен (немесе жоғары) есептелетін кезеңге орташа өлшемді маржаны, Лондон банкаралық депозиттер рыногындағы сатушылардың ставкаларын немесе олар бойынша төлемге ұсынылмаған сомасы бар Банк заемына қатысты мерзімі алты ай депозиттер үшін өзге ставкалар-бағдарлар бойынша немесе бірыңғай валютада заемдарды қаржыландыруға Банк аударатын осындай заемдардың бөліктерін немесе Заем қамтитын оларға ұсынылатын олардың бөліктерін; бұл негізді түрде анықтайды және жылына пайыздармен көрсетіледі.

(с) Банк ол үшін пайыздар есептелетін әрбір кезең үшін ЛИБОР базалық ставкасы және ЛИБОР-дың жиынтық спреді туралы олар анықталғаннан кейін дереу Заемшыны хабардар етеді.

(d) Осы 2.06-бөлімде ол туралы айтылатын пайыздық ставкаларды анықтауға әсер ететін нарықтың тәжірибедегі өзгерістерге байланысты болған әрбір ретте Банк тұтастай алғанда оның заемшыларының да, Банктің де мүддесі үшін сай жоғарыда аталған бөлімде көзделетін негізден өзгеше, Заемға қолданылатын пайыздық ставкаларды анықтау үшін негіздің қолданылуын анықтайды, Банк Заемшыны жаңа негіз туралы кемінде алты (6) ай ішінде хабардар ете отырып, Заемға қолданылатын пайыздық ставкаларды анықтау үшін негізді өзгертуі мүмкін. Егер Заемшы көрсетілген уақыт кезеңі ішінде осындай негізге қарсы өз қарсылығы туралы Банкті хабардар етпесе, негіз хабардар ету үшін көзделген уақыт кезеңі өткеннен кейін күшіне енеді - жоғарыда аталған өзгеріс - Заемға қолданылмайтын жағдай.

## 2.07-Бөлім

Заем бойынша пайыздар және өзге төлемдер жарты жылда бір рет жүзеге асыруға және төлеуге жатады - әр жылдың 15 ақпанында және 15 тамызында.

## **2.08-Бөлім**

Заемшы осы Келісімге 3-қосымшада келтірілген борышты біртіндеп өтеу кестесіне сәйкес Заемның негізгі сомасын өтейді.

## **III БАП**

### **Жобаны орындау 3.01-Бөлім**

(а) Заемшы Жобаның мақсаттарын өзінің жақтайтындығы туралы жариялайды және тиісті әкімшілік, қаржылық, инженерлік-техникалық және табиғат қорғау іс-тәжірибесіне сәйкес осы мақсатта қолданылып жүрген талаптарды сақтаумен және көздеп отырған нәтижелерге қол жеткізумен Жобаны СРК арқылы орындайды және қажеттілігіне қарай дереу, және де Заем туралы келісімге сәйкес кез келген басқа міндеттемелерді шектеусіз немесе кемітусіз Жобаны іске асыру үшін талап етілетін құралдарды, жабдықты және үй-жайларды және басқа ресурстарды ұсынады.

(b) Осы Бөлімнің (а) тармағының ережесін шектемей және Заемшы мен Банк арасында өзге уағдаластық бар болғаннан басқа жағдайларда, осы Келісімге 5-қосымшада айтылатын Жобаны орындау бағдарламасына сәйкес СРК арқылы Жобаны орындайды.

### **3.02-Бөлім**

Егер Банк өзге шешім қабылдамаса, Жобаны орындау үшін қажетті және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды және жұмыстарды сатып алу осы Келісімге 4-қосымшаның ережелерімен реттеледі.

## **IV БАП**

### **Қаржылық қызметті басқару туралы ережелер 4.01-Бөлім**

(а) Заемшы есепке алу құжаттарын және шоттарды қоса алғанда қаржылық қызметті басқару жүйесін жүргізеді немесе жүргізілуін қамтамасыз етеді және Банк үшін қолайлы нысанда және Жобаға қатысты операцияларды және шығыстарды көрсету жөнінде қолданылып жүрген талаптарға жауап беретін қаржылық есептерді дайындайды.

( b )                      З а е м ш ы :

(і) Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлары тұрақты қолданатын аудитті жүргізудің тиісті қағидаттарына сәйкес аудиті жүргізілген әрбір қаржы жылы бойынша арнайы шотқа қатысты есепке алу және шот құжаттарын қоса алғанда осы бөлімнің (а) тармағында айтылатын есепке алу және шот құжаттарын жүргізеді;

(іі) Банкке дайындықтан кейін дереу, бірақ қалай болғанда да әрбір осындай қаржы

жылы біткеннен кейін алты (6) айдан кешіктірмей Банк негізді түрде сұрайтын көлемде және осындай егжей-тегжейде жоғарыда аталған аудиторлар жүргізген аудит туралы е с е п т і ұ с ы н а д ы ; ж ә н е

(iii) Банкке белгілі бір уақытта Банк сұрататын жоғарыда аталған есепке алу құжаттары мен шоттарға және оның аудитіне қатысты осындай басқа ақпаратты ұ с ы н а д ы .

(с) Оларға қатысты Жобаны басқару жөніндегі есептердің немесе шығыстар тізімдемелерінің негізінде Заем шотынан қаражат алу жүргізілген барлық шығыстар б о й ы н ш а З а е м ш ы :

(i) Осы Бөлімнің (а) тармағына сәйкес осындай шығыстарды көрсететін есепке алу құжаттарын және шоттарды жүргізеді немесе жүргізілуін қамтамасыз етеді;

(ii) Заем шотынан соңғы қаражат алу жүргізілген қаржы жылы үшін аудиттің нәтижелері туралы есепті Банк алғаннан кейін, кемінде бір (1) жыл осындай шығыстарды растайтын есептің барлық құжаттарын (келісім-шарттар, тапсырмалар, шот-фактуралар, шоттар, квитанциялар мен басқа құжаттар) сақтайды;

(iii) Банктің өкілдеріне есепке алудың осындай құжаттарын тексеруге ұсынады;

(iv) осы Бөлімнің (b) тармағында айтылатын жыл сайынғы аудитке есепке алу мен шоттардың енгізілуін және осындай аудит туралы есеп сөз болып отырған шоттан қаражат алуды негіздеу үшін оларды дайындауға әкеп соқтырған рәсімдермен және ішкі бақылаумен бірге Жобаны басқару туралы есепке немесе шығыстар ведомосына сүйенуге болатындығына қатысты жоғарыда аталған аудиторлардың жеке қорытындыларының қамтылуын қамтамасыз етеді.

## 4.02-Бөлім

(а) Осы Келісімнің 4.01-бөлімінің ережелеріне шек қоймай, Заемшыға 2002 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей немесе Банк анықтайтын неғұрлым кеш мерзімде Банк үшін қолайлы Жобаны басқару туралы тоқсандық есепті дайындау мүмкіндігін беру үшін жоғарыда аталған 4.01-бөлімнің (а) тармағында сөз болатын қаржылық қызметті басқару жүйесін нығайту жөнінде Банк үшін қолайлы белгіленген кестеге сәйкес іс-қимыл жоспарын орындайды, олардың әрқайсысында:

(i) (А) қаражаттың іс жүзіндегі көздері және олардың Жоба үшін қолданылуы - жиынтығында және жоғарыда аталған кезеңде қамтылатын кезең үшін және де жоспарланған көздер және де аталған есеп жатқызылатын кезеңнен кейінгі ұзақтығы алты ай уақыт кезеңі ішінде Жоба үшін қаражаттың қолданылуы көрсетіледі, және

(В) аталған есеп жатқызылатын кезең ішінде Заем қаражатынан қаржыландырылып келген шығыстар және жоғарыда аталған есеп жатқызылатын кезеңнен кейінгі ұзақтығы алты ай уақыт кезеңі ішінде Заем қаражатынан қаржыландыруға ұсынылған шығыстар жеке көрсетіледі;

(ii) (А) жиынтығында да, жоғарыда аталған есеп жатқызылатын кезең үшін де Жобаның орындалу барысы сипатталады;

(В) іс жүзіндегі және бұрын көзделген бақылау сандары арасындағы алшақтықтар түсіндіріледі; және

(iii) Жоба бойынша сатып алумен және жоғарыда аталған есеп жатқызылатын кезеңнің аяғында Заем қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттарға сәйкес шығыстарға байланысты істердің жай-күйі айтылады.

(b) Осы бөлімнің (a) тармағында айтылатын іс-шаралар жоспарын орындау аяқталғаннан кейін Заемшы Банк үшін қолайлы ережелерге сәйкес осындай кезең үшін Жобаны басқару жөніндегі есепті дайындайды және әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 45 күннен кешіктірмей Банкке ұсынады.

## **V БАП**

### **Күшіне енгізілген күні. Іс-әрекеттің тоқтатылуы 5.01-Бөлім**

Келесі оқиғалар Жалпы шарттардың 12.01 (c) бөлімі мағынасында осы Заем туралы Келісім күшіне енуінің қосымша шарттары ретінде көрсетіледі, яғни Заемшылар осы Келісімнің 4.01 (b) (i) бөлімінде айтылатын аудиторларды тағайындайды.

### **5.02-Бөлім**

Жалпы шарттардың 12.04-бөлімінің мақсаттары үшін осымен осы Келісімнің күнінен тоқсан (90) күн өткеннен кейін басталатын күн көрсетіледі.

## **VI БАП**

### **Заемшының өкілдері; мекен-жайы 6.01-бөлім**

Жалпы шарттардың 11.03-бөлімінің мақсаттары үшін Заемшының Өкілі болып Заемшының Қаржы министрі немесе Қаржы министрінің орынбасары тағайындалады.

### **6.02-Бөлім**

Жалпы шарттардың 11.01-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының мекен-жайы:

Ministry of Finance

33, Pobeda Ave

473000 Astana

Republic of Kazakhstan

Telex: 264126 (FILIN)

Банктің мекен-жайы:

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Астана 473000

Жеңіс даңғылы, 33

Телекс: 264126 (FILIN)

International Bank for  
Development және Даму Банкі  
1818 H Street, N. W.  
Washington, D. C. 20433  
United States of America  
Cable address: INTBAFRAD  
Washington, D.C.  
Telex: 248423 (MCI) or  
64145 (MCI)

Халықаралық Қайта Құру Reconstruction and  
1818 Эйч-Стрит, Солтүстік-Батыс  
Вашингтон, Колумбия Округі 20433  
Америка Құрама Штаты  
Телеграф мекен-жайы INTBAFRAD  
Вашингтон, Колумбия Округі  
Телекс: 248423 (MCI) немесе  
64145 (MCI)

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРА ОТЫРЫП, өздерінің тиісті негізде уәкілеттік берілген өкілдері арқылы әрекет ететін осы Келісімдегі Тараптар қол қойылуын жоғарыда бас кезінде көрсетілген күні мен жылы Қазақстан Республикасының Астана қаласында өздерінің аттарынан осы Келісімге қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮШІН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ  
ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ҮШІН

Уәкілетті Өкіл

Еуропа және Орта Азия аймағы  
бойынша Вице-Президент

## 1-ҚОСЫМША

### Заем қаражатын шоттан алу

#### А . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Төмендегі кестеде Заем қаражатынан қаржыландырылатын шығыстар баптарының санаттары, әрбір санат бойынша Заем сомасын бөлу және осындай негізде әрбір санатта қаржыландырылатын баптар бойынша шығыстардың пайызы көрсетіледі:

| Санаты      | Заемның бөлінген<br>с о м а с ы ( А Қ Ш | Қаржыландыруға<br>шығын % |
|-------------|-----------------------------------------|---------------------------|
| долларымен) |                                         |                           |

|              |            |                                                                                                                                                                                    |
|--------------|------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|              | ( 1 )      | И н ж е н е р л і к - қ ұ р ы л ы с                                                                                                                                                |
| жұмыстары    | 57,955,000 | 84%                                                                                                                                                                                |
| (2) Тауарлар | 100,000    | Шетел валютасындағы<br>1 0 0 % шығыстар,<br>жергілікті валютадағы<br>100% шығыстар (франк-<br>зауытының құны) және<br>тұрған орнында сатып<br>алынатын тауарлар<br>үшін жергілікті |

| шығыстар                                    |             |                                                      |
|---------------------------------------------|-------------|------------------------------------------------------|
| (3) Жобаны дайындауға арналған несиені өтеу | 1,800,000   | Осы Келісімнің 2.02 (с) Бөліміне сәйкес тиесілі сома |
| (4) Комиссиондық алым                       | 645,000     | Осы Келісімнің 2.02 (с) Бөліміне сәйкес тиесілі сома |
| сәйкес тиесілі сома                         |             |                                                      |
| (5) Бөлінбеген сома                         |             | 4,000,000                                            |
| ЖИЫНЫ                                       | 64,500,0000 |                                                      |

## 2. Осы қосымшаның мақсаттары үшін:

(а) "шетел валютасындағы шығыстар" термині Заемшының елінен өзгеше кез келген елдің аумағынан әкелінетін тауарларға Заемшының елінен өзгеше кез келген елдің валютасындағы шығыстарды білдіреді;

(б) "жергілікті валютадағы шығыстар" термині Заемшының аумағынан әкелінген тауарларға Заемшының валютасында жұмсалған шығыстарды білдіреді;

3. Жоғарыдағы 1-тармақта келтірілген ережеге қарамастан, осы Келісімге қол қойылған күнге дейін орын алған төлемдерге қатысты ешқандай шоттан қаражат алу жүргізілмейді.

4. Банк Заем қаражаты шығыстар ведомосының негізінде мыналардың:

(а) келісім-шартқа сәйкес әрқайсысының құны АҚШ долларына қайта есептегенде 100,000-ды төменді құрайтын тауарларға;

(б) келісім-шарттарға сәйкес әрқайсысының құны АҚШ долларына қайта есептеген 200,000-ден төменді құрайтын жұмыстарға, барлығы Банк Заемшыға хабарлама беретін осындай шарттарда және ережелерде Заем шотынан алынуын талап ете алады.

## В. Арнайы шот

1. Заемшы есепке алудан, тәркілеуден немесе тыйым салудан тиісті қорғауды қоса алғанда, Банк үшін қолайлы шарттарда және ережелерде коммерциялық банкте арнайы депозиттік шот ашады және АҚШ долларында жүргізеді.

2. Банк өзіне қолайлы арнайы шоттың ашылғаны туралы растаманы алғаннан кейін, жоғарыда айтылған арнайы шотта депозитке салынған сомада Заем шотынан алынатын қаражат мынадай түрде:

(а) банк мынадай құжаттарды:

(і) осы Келісімнің 4.02 (б) бөлімінде айтылған Жобаны басқару туралы бірінші есепті, және

(іі) Жобаны басқару туралы есептердің негізінде Заемшының қаражат алуға өтінімі алғанға дейін жүргізіледі;

шоттан қаражат алу осы 1-қосымшаға А қосымшаның ережелеріне сәйкес жүргізіледі; және

(b) Жобаны басқару туралы есептің негізінде шоттан қаражат алуға арналған Заемшының өтінімімен қоса берілген осы Келісімнің 4.02 (b) бөліміне сәйкес Жобаны басқару туралы есепті Банктің алуы бойынша кез келген кейіннен шоттан қаражат алу осы 1-қосымшаға В қосымшаның ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

3. Арнайы шоттан төлемдер тек қолайлы шығыстарға ғана жүргізіледі. Заемшы арнайы шоттан жүргізетін әрбір төлем бойынша Заемшы Банк негізді түрде сұрататын мерзімде осындай құжаттарды және төлем тек қолайлы шығыстарға ғана жұмсалған өзге де растамаларды Банкке ұсынады.

4. Осы қосымшаның В.2-бөлігінің ережелеріне қарамастан, егер:

(a) Банк кез келген уақытта осы Келісімнің 4.02-бөліміне сәйкес талап етілетін ақпарат Жобаны басқару туралы есепте тиісті түрде ұсынылмағанын анықтаса;

(b) Банк шоттан кез келген уақытта Заем шотынан кез келген кейіннен қаражат алуды Заемшы тікелей жүргізуі тиіс екендігін анықтаса; немесе

(c) Заемшы осы Келісімнің 4.01 (b) (ii) бөлімінде көрсетілген мерзім ішінде аудитке қатысты жоғарыда аталған бөлімге сәйкес Банкке ұсыну талап етілетін аудиттің нәтижелері туралы қандай да болмасын есептердің бірін:

(А) есептеу құжаттары және арнайы шот бойынша есептер немесе

(В) есептеу құжаттары және оларға қатысты Жобаны басқару туралы есептердің негізінде шоттан қаражат алу жүргізілген шығыстарды көрсететін есептерді Банкке ұсынбаса Банк арнайы шотқа кейіннен депозитке салынған қаражатты жүргізуге міндетті емес.

5. Егер Банк кез келген уақытта жалпы шарттардың 6.02-бөліміне сәйкес Заем шоттарынан қаражат алуға Заемшының құқығын толық немесе ішінара тоқтататын өзінің ниеті туралы Заемшыны хабардар етсе, осы қосымшаның В.2-бөлімінің ережелеріне сәйкес арнайы шотта кейіннен депозитке салынған қаражатты жүргізуге міндетті емес. Осындай хабарламадан кейін Банк тек өз қарауы бойынша ғана арнайы шотта кейіннен депозитке салынған шот жүргізіле ала ма, жоқ па осындай қаражатты депозитке салуды жүзеге асыру үшін қандай рәсімдер сақталуы тиіс екендігін анықтайды және өзінің шешімі туралы Заемшыны хабардар етеді.

6 (a) Егер Банк кез келген уақытта арнайы шоттан қандай да бір төлем қолайлы шот болып табылмайтын шығыстарға жұмсалғанын немесе Банкке ұсынылған растайтын құжатпен негізделмегенін анықтаса, Заемшы хабарламаны алғаннан кейін Банк сұрататын осындай қосымша растауды тез арада Банкке ұсынады немесе осындай төлемнің сомасына тең соманы арнайы шотта депозитке салады (немесе егер Банк талап етсе, Банкке қайтарады). Егер Банк өзге шешім қабылдаса, Заемшы осындай растаманы ұсынғанша немесе жағдайларға байланысты осындай депозитке салуды жүргізбейінше Банк ешқандай арнайы шотта кейіннен қаражатты депозитке салуды жүргізбейді.

(b) Егер Банк кез келген уақытта арнайы шотта төлемге ұсынылмаған сома осындай

шешімнен кейін алты айдың ішінде қолайлы шығыстар бойынша төлемдерді қамтамасыз ету үшін талап етілмейтінін анықтаса, Заемшы Банктің хабарламасын алғаннан кейін төлемге ұсынылмаған соманы Банкке қайтарады.

(с) Заемшы Банктің хабарламасын алғаннан кейін Банкке арнайы шотқа депозитке салынған қаражаттың барлығын немесе бөлігін қайтарады.

(d) Осы 6-тармақтың (а), (b) немесе (с) тармақшаларына сәйкес Банкке қайтарылатын қаражат Заем туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес шоттан кейіннен алу немесе күшін жою үшін Заем шотына жазылады.

## **1-ҚОСЫМШАҒА**

### **А толықтыру**

#### **Шоттан қаражат алу Жобаны басқару туралы есептің негізінде жүргізілмеген жағдайларда арнайы шотты жүргізу**

1. Осы толықтырудың мақсаттары үшін:

"Рұқсат етілген аударым" термині осы толықтырудың 2-тармағына сәйкес Заем шотынан алынатын және арнайы шотқа депозитке салынатын, АҚШ долларына қайта есептегенде 1,500,000 құрайтын сома; алайда Банк өзге шешім қабылдамаған жағдайда, рұқсат етілген аударым төлемге ұсынылмаған және АҚШ долларына қайта есептегенде 10,000,000 құрайтын соманың жалпы шарттардың 5.02-бөліміне сәйкес Банк қабылдаған сомасы бар барлық арнайы міндеттемелердің жалпы сомасын қосқанда Заем шотынан алынған қаражаттың жиынтық сомасына жеткізілгенге немесе арттырғанға дейін АҚШ долларына қайта есептегенде 750,000-ды құрайтын сомамен ш е к т е л е д і .

2. Арнайы шоттан рұқсат етілген аударым қаражатын алу және арнайы шотты толықтыру үшін қаражатты одан әрі алу былайша жүргізіледі:

(а) арнайы шоттан жоғарыда айтылған рұқсат етілген аударым қаражатын алу үшін Заемшы Банкке жиынтығында жоғарыда аталған рұқсат етілген аударым сомасынан аспайтын соманы немесе сомаларды арнайы шотқа депозитке салуды сұратуды немесе сұратуларды ұсынады. Әрбір осындай сұратудың негізінде Банк Заемшының атынан Заемшы сұрататын соманы Заем шотынан алады және жоғарыда аталған арнайы шотқа д е п о з и т к е с а л а д ы .

(b) Жоғарыда аталған арнайы шотты толықтыру үшін Заемшы Банк анықтаған ретпен жоғарыда аталған арнайы шотқа қаражатты депозитке салуға сұратуларды Банкке ұсынады. Әрбір осындай сұратуға дейін немесе оны ұсынған уақытта Заемшы Банкке оларға қатысты толықтыру сұратылатын төлемге немесе төлемдерге осы Келісімге 1-қосымшаның В.3 бөлігіне сәйкес талап етілетін құжаттар мен өзге растаманы ұсынады. Әрбір осындай сұрату негізінде Банк Заемшының атынан Заемшы сұратқан осындай соманы Заем шотынан алады және арнайы шотқа депозитке салады

және жоғарыда аталған қаражаттарда және жоғарыда аталған арнайы шоттағы қолайлы шоттарды төлеуге өзге растамада көрсетіледі. Жоғарыда айтылған арнайы шоттағы әрбір осындай депозитке салу сомасы Банк Заем шотынан бір немесе одан артық арнайы шоттың қолайлы санаттары бойынша алады.

3. Арнайы шоттан Рұқсат етілген аударым сомасынан екі есе артық сома баламасына тең болған жоғарыда айтылған санаттар үшін бөлінген Заем қаражаты есебінен қаржыландырылатын шығыстарға қатысты төлеуге ұсынылмаған сомасы бар және Банк жалпы шарттардың 5.02-бөліміне сәйкес өзіне қабылдаған барлық арнайы міндеттемелердің жалпы сомасын Заем сомасынан алғанда жалпы алынбаған сома арнайы шотта қаражатты кейіннен депозитке салуды жүргізуге міндетті емес. Осыдан кейін жоғарыда аталған санаттар үшін бөлінген, алынбаған күйде қалған Заем сомасын Заем шотынан алған кезде Банк Заемшыға хабарламада хабарлайтын рәсімдер сақталады. Осындай одан әрі шоттан қаражат алу осындай хабарлама күнінде арнайы шотта қалған депозитке салынған барлық осындай сомалар қолайлы шығыстарға төлемдерді жүзеге асыру үшін және Банк көз жеткізген шекте пайдаланылатынына қарай Банк көз жеткізгеннен кейін ғана жүргізіледі.

## **1-ҚОСЫМШАҒА**

### **В толықтыру**

#### **Шоттан қаражат алу Жобаны басқару туралы есептердің негізінде жүргізілген жағдайларда арнайы шотты жүргізу**

1. Банк Заем шотынан кез келген қаражат алу кезінде Заемшыға хабарламада өзгені көрсете алатын жағдайды қоспағанда, осындай қаражатты Банк осы Келісімге 1-қосымшаның ережелеріне сәйкес арнайы шотқа депозитке салады. Арнайы шотқа әрбір осындай депозитке салынған қаражатты Банк бір-бірден немесе жоғарыда аталған арнайы шоттың қолайлы санаттары бойынша алады.

2. Арнайы шотқа депозитке салу үшін Заем шотынан қаражат алуға арналған әрбір өтінім Жобаны басқару туралы есеппен расталуы тиіс.

3. Заем Шотынан қаражат алуға арналған әрбір өтінімді алғаннан кейін Банк Заемшының атынан Заем сомасынан аспайтын соманы Заем шотынан арнайы шотқа аударды. Банк Заемшының атынан:

(а) осындай үлгіде сұратылатын сомадан; және

(b) осындай есеп күнінен кейін алты айдың ішінде қолайлы шығыстарды қаржыландыру үшін депозитке салуға қажет жоғарыда айтылған өтініммен қоса жүретін Жобаны басқару туралы есептің негізінде Банк анықтаған сомадан төмен сомаға тең соманы Заем шотынан алады және арнайы шотқа депозитке салады;

осындай үлгіде депозитке салынған сома жоғарыда айтылған Жобаны басқару туралы есепте көрсетілген сомаға қосқан кезде арнайы шотта қалған жағдайда АҚШ долларына қайта есептегенде 1,500,000 сомадан аспайды.

## 2-ҚОСЫМША

### Жобаны сипаттау

#### Ж о б а н ы ң                    м а қ с а т т а р ы :

(i) Жобаның мақсаттары Солтүстік-Арал Теңізінің (САТ) болмысын қамтамасыз ету және Сырдария өзенінің өткізу қабілетін жақсарту, САТ атырауында және оның маңындағы табиғатты қорғауға байланысты экологиялық және табиғат қорғау жағдайларды және биологиялық саналуандығын жақсарту, бұл адамдардың және жануарлардың саулығын жақсартуға мүмкіндік береді; және

(ii) ауылшаруашылық өнімдері (мал шаруашылығын қоса алғанда) мен Сырдария өзенінің алабындағы балық өнімдерін қолдау және молықтыру;

Жоба Заемшы мен Банк осындай мақсаттарға жету үшін сол және өзге уақытта осындай өзгерістер енгізе алатын мынадай бөліктерден тұрады:

А Бөлігі: Солтүстік-Арал Теңізін қалпына келтіру (САТ)

САТ пен Үлкен Оңтүстік Арал Теңізін (ҮОАТ) жалғастыратын бұғаз арқылы м о й н а қ т ы ң                    қ ұ р ы л ы с ы н                    с а л у .

В Бөлігі: Сырдариядағы гидравликалық реттеуді жақсарту

Мынадай жұмыстарды қоса алғанда гидравликалық ғимараттарды қайта жаңғырту ж ә н е                    қ ұ р ы л ы с ы н                    с а л у :

(i) Ақлақ суағар бөгетін қайта құру және оған байланысты жұмыстар;

(ii) Әйтек және Қараөзек су реттегіш ғимараттарын қайта құру және оған б а й л а н ы с т ы                    ж ұ м ы с т а р ;

(iii) Қазалы қаласындағы бас ғимараттарды және Қызылорда қаласындағы т о с қ а у ы л д а р д ы                    ж ө н д е у ;

(iv) өзен бойында биіктігі шамалы мойнақтардың және өзен бұғазының қиын ағатын жерлерін қайта құру және салу;

С Бөлігі: Шардара Бөгетін қалпына келтіру

Қызылқұм суармалық сутартқы - сужібергішін, дренаж қайта босату шиберлері жүйесін қалпына келтіру, және су қашыртқы ғимараттарды, ағысын жылдамдату, Қараөзек су шайқайтын құдықтарды қалпына келтіру және оған байланысты жұмыстар және бөгетке өлшеуіш приборларда орнатуды қоса алғанда, Шардара бөгетінде қ а л п ы н а                    к е л т і р у                    ж ұ м ы с т а р ы .

D Бөлігі: Гидроресурстарды қалпына келтіру және балық аулау кәсібін дамыту

(i) Балық аулау кәсіпшілігін дамыту жоспарын әзірлеу және орнату; және

(ii) Қамысбас пен Тастекте бар станцияларды қалпына келтіру.

## Е Бөлігі: Ағымдағы бақылау және бағалау

Жобаның орындалу барысын, оның ықпалын және Қызмет көрсету, оқыту және көлік құралдары мен жабдықтарды сатып алу арқылы қоршаған ортаны қорғау жоспарының орындалуын ағымдағы бақылау және бағалау.

## Ғ Бөлігі: Жобаны басқару және институционалдық даму

(i) Жобаны жалпы басқару, сатып алу, бухгалтерлік есеп, аудит жүргізу, құрылысты қадағалауды қоса алғанда жобаны басқару тобының (ЖБТ) қызметін қолдау; жалпы бақылау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспардың орындалуын ағымдағы бақылау, бағалау және орындау; және

(ii) Техникалық көмек көрсету және оқыту арқылы жобаны басқаруда КВР мүмкіндігін арттыру; және

Жоба 2006 жылғы 31 тамызда аяқталады деп болжанады.

## 3-ҚОСЫМША

### Борышты біртіндеп өтеу кестесі

| Төлемнің келісілген күні<br>(АҚШ долларымен)* | Негізгі соманы төлеу |
|-----------------------------------------------|----------------------|
| 2007 жылғы 15 ақпан                           | 1,355,000            |
| 2007 жылғы 15 тамыз                           | 1,395,000            |
| 2008 жылғы 15 ақпан                           | 1,440,000            |
| 2008 жылғы 15 тамыз                           | 1,480,000            |
| 2009 жылғы 15 ақпан                           | 1,525,000            |
| 2009 жылғы 15 тамыз                           | 1,570,000            |
| 2010 жылғы 15 ақпан                           | 1,620,000            |
| 2010 жылғы 15 тамыз                           | 1,665,000            |
| 2011 жылғы 15 ақпан                           | 1,715,000            |
| 2011 жылғы 15 тамыз                           | 1,770,000            |
| 2012 жылғы 15 ақпан                           | 1,820,000            |
| 2012 жылғы 15 тамыз                           | 1,875,000            |
| 2013 жылғы 15 ақпан                           | 1,935,000            |
| 2013 жылғы 15 тамыз                           | 1,990,000            |
| 2014 жылғы 15 ақпан                           | 2,050,000            |
| 2014 жылғы 15 тамыз                           | 2,110,000            |
| 2015 жылғы 15 ақпан                           | 2,175,000            |
| 2015 жылғы 15 тамыз                           | 2,240,000            |
| 2016 жылғы 15 ақпан                           | 2,310,000            |
| 2016 жылғы 15 тамыз                           | 2,375,000            |
| 2017 жылғы 15 ақпан                           | 2,450,000            |

|                     |           |
|---------------------|-----------|
| 2017 жылғы 15 тамыз | 2,520,000 |
| 2018 жылғы 15 ақпан | 2,600,000 |
| 2018 жылғы 15 тамыз | 2,675,000 |
| 2019 жылғы 15 ақпан | 2,755,000 |
| 2019 жылғы 15 тамыз | 2,840,000 |
| 2020 жылғы 15 ақпан | 2,925,000 |
| 2020 жылғы 15 тамыз | 3,010,000 |
| 2021 жылғы 15 ақпан | 3,100,000 |
| 2021 жылғы 15 тамыз | 3,210,000 |

\* Бұл бағандағы сандар Жалпы шарттардың 4.04 (d)-бөлімінде олар туралы айтылғандардан басқа жағдайларды қоспағанда өтеуге жататын АҚШ долларындағы соманы білдіреді.

#### **4-ҚОСЫМША**

##### **Сатып алу**

##### **I Б ө л і м**

Тауарлар мен жұмыстарды сатып алу

##### **A Б ө л і г і**

Жалпы мәліметтер

Тауарлар мен жұмыстарды сатып алу 1995 жылдың қаңтарында Банк жариялаған және 1996 жылдың қаңтарында және тамызында, 1997 жылдың қыркүйегінде және 1999 жылдың қаңтарында қайта қаралған "ХҚДБ Заемдары және ХДБ Несиелері бойынша Сатып алулар жөніндегі Басшылықтың" I бөлімінің ережесіне, сондай-ақ осыған қосымша бөлімінің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

##### **B Бөлігі**

##### **Халықаралық бәсекелестік сауда-саттығы**

1. Осы бөлімнің C бөлігінде көзделгеннен өзге жағдайларды қоспағанда, тауарлар мен қызметтерді сатып алулар Басшылықтың II бөлімінің және оған 1-қосымшадағы 5-тармақтың ережелеріне сәйкес жасалған келісім-шарттарға сай жүргізіледі.

2. Мына ережелер осы B бөлігіндегі 1-тармағының ережелеріне сай жасалған келісім-шарттарына сәйкес сатып алынған тауарлар мен қызметтерге қолданылады.

##### **( а ) А л д ы н - а л а б а ғ а л а у**

Құны бағалауға сәйкес 10,000,000 АҚШ долларынан астам болатын жұмыстардың орындалуын ұсынатын сауда-саттыққа қатысушыларға Басшылықтың 2.9 және 2.10-тармақтарының ережелеріне сәйкес алдын-ала баға беріледі.

##### **(b) Хабарлама және хабарландыруды жариялау**

Алдын-ала бағалаудан өтуге шақыру арқылы хабарландыру немесе құны АҚШ долларымен қайта есептегендегі бағалауға сәйкес 10,000,000-ды немесе одан астамды құрайтын әрбір келісім-шартты жасасу туралы ұсынысты ұсыну Басшылықтың 2.8-тармағына сәйкес ірі келісім-шарттарында қолданылатын рәсімдерге сәйкес жарияланады.

## **С Бөлігі**

### **Сатып алудың басқа рәсімдері**

#### **1. Ел шегіндегі бәсекелестік сауда-саттықтар**

Құны АҚШ долларына қайта есептегендегі бағалауға сәйкес бір келісім-шартқа 1,000,000 кемді құрайтын жұмыстар 12,000,000 аспайтын АҚШ долларына қайта есептегендегі жиынтық сомада болған кезде Басшылықтың 3.3 және 3.4-тармақтарының ережелеріне сай жасалған келісім-шарттарға сәйкес сатып алынуы мүмкін.

#### **2. Ел шегінен тыс жердегі сатып алу**

Құны АҚШ долларына қайта есептегендегі бағалауға сәйкес бір келісім-шартқа 100,000 кемді құрайтын тауарлар бағалауға сәйкес 500,000 аспайтын АҚШ долларына қайта есептегендегі жиынтық сомада Басшылықтың 3.5. және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес ел шегінен тыс жерде сатып алу рәсімдерінің негізінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес сатып алынуы мүмкін.

#### **3. Ел шегіндегі сатып алу**

Құны АҚШ долларына қайта есептегендегі бағалауға сәйкес бір келісім-шартқа 50 000 кемді құрайтын тауарлар бағалауға сәйкес 500,000 аспайтын АҚШ долларына қайта есептегендегі жиынтық сомада Басшылықтың 3.5. және 3.6-тармақтарының ережелеріне сай сатып алулар рәсімдерінің негізінде жасасқан келісім-шарттарға сәйкес сатып алынуы мүмкін.

#### **4. Көлемі шағын жұмыстарды сатып алу**

Құны АҚШ долларына қайта есептегендегі бағалауға сәйкес бір келісім-шартқа 50,000 кемді құрайтын жұмыстар бағалауға сәйкес 1,000,000 аспайтын АҚШ долларына қайта есептегендегі жиынтық сомада болған кезде жазбаша шақырудың жауабына берілген үш (3) жергілікті мердігерден алынған ұсыныстар негізінде жасасқан келісім-шартқа сәйкес тіркелген бағамен сатып алынуы мүмкін. Шақыру Банк үшін және тиісті сызбаларға қажет болған кезде аяқталу мерзіміне қолайлы талап етілетін негізгі техникалық сипаттамаларды қоса алғандағы жұмыстардың толық сипатталуын қамтуы тиіс. Келісім-шартты ең төмен бағамен ұсыныс жасаған және келісім-шарттың ойдағыдай орындалуы үшін тиісті тәжірибесі және қаражаты бар мердігер жасайды.

## **D Бөлігі**

Сатып алулар жөніндегі шешімдерді банктің қарауы

### **1 . С а т ы п а л у д ы ж о с п а р л а у**

Алдын-ала бағалаудан өту туралы кез-келген шақыруларды жарияланғанға немесе келісім-шарттар жасасу туралы ұсыныстар ұсынылғанға дейін Жоба бойынша сатып алулардың ұсынылып отырған жоспары Басшылықтың 1-қосымшасының 1-тармағына сәйкес Банктің қарауына және мақұлдауына ұсынылады.

### **2 . А л д ы н - а л а қ а р а у**

(a) Осы бөлімнің С.1 бөлігіне сәйкес жұмыстардың орындалуына арналған әрбір келісім-шартқа қатысты АҚШ долларымен қайта есептегендегі бағалауларға сәйкес оның құны 200,000 немесе одан астамды құрайтын Басшылықтың 1-қосымшаның 2 және 3-тармақтарына сәйкес айтылатын рәсімдер қолданылады.

(b) Тауарлар мен қызметтерді сатып алуларға арналған бастапқы келісім-шарттарына қатысты рәсімдерге сәйкес жүргізілетін, С бөлігінде ол туралы сөз болған мынадай рәсімдер қолданылады:

(i) сатып алулардың рәсімдеріне сәйкес қандай да болмасын берушіні іріктеуге, қандай да болмасын келісім-шарттың орындалуына дейін Заемшы алынған ұсыныстарды салыстыру және бағалау туралы Банкке есеп ұсынады.

(ii) тікелей келісім-шарттар мен сатып алуларды жасасу рәсімдеріне сәйкес жасасқан қандай да болмасын келісім-шарттың орындалуына дейін Заемшы техникалық шарттардың көшірмесін және келісім-шарттың жобасын Банкке ұсынады; ж ә н е

(iii) Басшылыққа 1-қосымшаның 2 (f), 2 (g) және 3-тармақтарында айтылған ереже қ о л д а н ы л а д ы .

### **3 . К е й і н г і қ а р а у**

Осы бөліктің 2-тармағында реттелмейтін әрбір келісім-шартқа қатысты Басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында айтылған рәсімдер қолданылады.

## **5-ҚОСЫМША**

### **Жобаны орындау бағдарламасы**

#### **1 . З а е м ш ы :**

(a) Заемшы мен Банк арасында келісілген көрсеткіштерге сәйкес Жобаны орындауды және оның мақсаттарына жетуді бақылау мен бағалауды тұрақты жүзеге асыру мүмкіндігін беру үшін қолданып жүрген талаптарға жауап беретін стратегияларды және рәсімдерді ұстанады.

(b) Осы бөлімнің (a) тармағына сәйкес жүргізілетін бақылау және бағалау жөніндегі деректер біріктірілетін, жоғарыда аталған есеп беру күнінің алдындағы кезең ішінде

Жобаның орындалуында қол жеткізілген нәтижелер туралы және Жобаның ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету мен осындай күннен кейін келетін кезең ішінде оның мақсаттарына қол жеткізу үшін ұсынылатын шаралар айтылатын есеп Банк үшін қолайлы құзыреттілік шегіне сәйкес дайындалады және әрбір жылдың 31 қаңтарында немесе шамамен осындай мерзімдерге Банкке ұсынылады.

(с) Осы тармақтың (в) тармақшасында ол туралы сөз болған, ол туралы Банк сұрататын есепті Банк әрбір жылдың 31 наурызында немесе осындай неғұрлым кеш күні қарайды және содан кейін Жобаны тиімді аяқтауды қамтамасыз етуге және жоғарыда аталған есептің қорытындылары мен ұсынымдарына және Банктің осы мәселе жөніндегі пікірлеріне сүйене отырып оған қол жеткізуге қажетті барлық шараларды қабылдайды.

(d) Жобаның орындалуы туралы жарты жылдық есепті Банк үшін қолайлы құзыреттілік шегіне сәйкес дайындайды және әр жылдың 31 қаңтары мен 31 шілдесінде немесе шамамен осындай мерзімде Банкке ұсынады;

(е) (i) Жобаның орындалу барысы туралы орташа мерзімді шолу есебін 2004 жылғы 31 шілдеден кешіктірмей Банкпен бірлесіп дайындайды. Орташа мерзімді шолу есебі Жобаның мақсаттарын орындаудағы қол жеткен нәтижелерді қамтиды; және

(ii) Орташа мерзімді шолуы аяқталғаннан кейін бір айдан кеш емес мерзім ішінде Банкпен келісілген орташа мерзімді шолуға байланысты және Банк үшін қолайлы Жоба жөніндегі іс-қимыл жоспарында айтылған ұсынымдарды орындайды; және

(f) Әрбір жылдың өткен үш айы үшін 31 қаңтардан, 30 сәуірден, 31 шілдеден және 31 қазаннан кешіктірмей тиісті нысанда ұсынылатын Жобаны орындаудың барысы туралы есепті Банк үшін қолайлы құзыреттілік шегінде дайындайды және Банкке ұсынады, жобаның өткен үш айы ішіндегі орындалу барысы туралы есепті Ведомствоаралық үйлестіру комитетіне (ВҮК) және Жобаны басқару жөніндегі комитетке (ЖБК) және Банкке ұсынады. Тоқсан сайын есептерге:

- инженерлік-құрылыс жұмыстарына және жабдықтар мен тауарларды жеткізіп беруге арналған келісім-шарттарының орындалу барысы және болжалды аяқталу күні;

- институционалдық құрауыштарының, оқыту және зерделеу және ЖМБ жұмысы жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы;

- қоршаған ортаны қорғау, Жобаның ықпалы жөніндегі шаралар жоспарын бақылау және бағалау;

- сатып алу және қаржылық қызметті басқару жөніндегі консультанттардың жұмысы жатқызылады.

2. Жалпы шарттардың 9.07-бөлімінің мақсаттары үшін және оның ережелерін шектемей Заемшы Банк үшін қолайлы принциптер негізінде және қорытынды күннен кейінгі алты ай (6) мерзім ішінен кешіктірмей немесе осы мақсаттар үшін Заемшы мен Банк арасында келісілуі мүмкін болатын осындай неғұрлым кеш мерзімде заем қаражатының пайдаланылуын және Жоба аясында болашақ қызметтің жобасын

дайындайды және Банкке ұсынады және Банкке жоғарыда аталған жоспар бойынша Заемшымен пікір алысуға тиісті мүмкіндік береді.

3. Жоба аяқталғанға дейін Заемшы Жобаны басқару үшін Жобаны басқару тобының жұмыс істеуін, Жобаға байланысты қызметті, біліктілігі мен құзыреттілік шегі Банк үшін қолайлы мамандардың оны орындауын және үйлестіруін қамтамасыз етеді.

4. Жоба аяқталғанға дейін Заемшы Жоба аясында қызметті үйлестіру мақсаттары үшін ол құрған Ведомствоаралық үйлестіру комитетінің (ВҮК) жұмыс істеуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

5. Заемшы 2001 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей Жобаны басқару жөніндегі к о м и т е т т і құрады .

Ж Б К - н і ң негізгі міндеттері:

(i) Жоба аясында зерделеу жөніндегі жұмыстарды қоса алғандағы жоба шеңберінде және оның барысында қызмет туралы жергілікті тұрғындарды хабарландыру ағымдағы бақылау мен бағалауды әзірлеу, орындау, олармен шектелмейтін олардың нәтижелері, донорлар ұсынатын немесе жүргізетін қызмет және бағдарламалар, осындай қызметті қ а р ж ы л а н д ы р у ж әне т . б ; ж әне

(ii) қоршаған ортаны қорғау және қоршаған орта мен әлеуметтік салалардағы Жобада көзделген міндеттерге қол жетуін қамтамасыз ету болып табылады.

6. Заемшы 2002 жылдың 30 маусымынан кешіктірмей құзыреттілік шегі Банк үшін қолайлы негізгі жобаға қатысты тұлғалардан тұратын Арал теңізінің алабы (АТАКТ) бойынша консультативтік топты құрады. АТАКТ-ның негізгі міндеттері Қазақстандық бөлігіне су шаруашылығын басқару мен алаптың су ресурстарын бөлудегі жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

7. Шардара бөгетінде қауіпсіздік шараларын сақтауды қадағалау мақсатында негізгі міндетті алдын алу шараларын жобалауды талдау және олардың орындалуын бақылау болып табылатын жергілікті де, шетелдік те мамандардан тұратын жұмыс істеуі, құрамы мен құзыреттілік шегі Банк үшін қолайлы Сарапшылардың тәуелсіз тобы (СТТ) құ р ы л а д ы .

8. Заемшы барлық қажетті шаралармен қоршаған ортаның жай-күйін бағалау мақсатында зерделеу түрінде дайындалған Жоба шеңберінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспардың орындалуын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта Заемшы:

(i) жобаның шеңберінде ұсынылатын жеңілдетілген шараларды жұмыс жоспарына е н г і з у д і ;

(ii) құрылыс жұмыстары кезінде осындай шаралардың орындалуы және Жобаның құралдарын кейіннен пайдалануды; қоршаған ортаны тиімді пайдалану жөніндегі ш а р а л а р ж о с п а р ы н ;

(iii) орындауды бақылау үшін ЖБТ-ы тиісті білікті мамандармен жасақталады, оның құрамының біліктілігі және тәжірибесі Банк үшін қолайлы болатын кемінде екі (2) э ко л о г ж әне б і р (1) г и д р о л о г е н е д і ;

(iv) және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспардың (ҚОҚЖ) орындалуын бақылауды қамтамасыз ету үшін жобаны орындау кезінде тәуелсіз консультанттардың жалдау және олардың қызметі, біліктілігі және тәжірибесі Банк үшін қолайлы болып табылуын қамтамасыз етеді.

9. Заемшы 2001 жылғы 31 желтоқсанынан кешіктірмей біліктілігі мен тәжірибесі Банк үшін қолайлы болып табылатын консультанттарды жұмысқа қабылдайды және кейіннен лауазымын сақтайды, бұлар ҚОҚЖ орындалуын бақылауға және Жобаны ықпал етуін бақылауға және бағалауға жауапты болады.

10. Заемшы 2001 жылғы 31 желтоқсанынан кешіктірмей Банк үшін біліктілігі және тәжірибесі қолайлы болатын консультанттарды жұмысқа қабылдайды және лауазымын сақтайды, бұлар құрылысты әзірлеу және қадағалау үшін жауап беретін болады.